

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғам

Т.Қ. Басенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Инженерлік жүйелер және желілер» кафедрасы

6B07306 –Инженерлік жүйелер және желілер

Серікбай Алдияр Асыланұлы

БҚО-дағы аудандық ауруханасының жылыту және желдету жүйелерін жобалау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

6B07306 –Инженерлік жүйелер және желілер

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ


«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғам

Т.Қ. Басенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Инженерлік жүйелер және желілер» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

ИЖЖЖ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд., қауым. проф.

 К.К. Алимова
« 4 » 06 2025ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Тақырыбы: «БҚО-дағы аудандық ауруханасының жылыту және желдету
жүйелерін жобалау»


6B07306 –Инженерлік жүйелер және желілер

Орындаған



Серікбай А.А.

Рецензент

 Нурпеисова К.М.


" 05 " 06 2025 ж.

Жетекші

PhD, аға оқытушы

 Бердікүл Н.И.
" 3 " 06 2025 ж.

Алматы 2025


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғам

Т.Қ. Басенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Инженерлік жүйелер және желілер» кафедрасы

БЕКІТЕМІН

ИЖЖЖ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд., қауым. проф.

К.К. Алимова
«31» 01 2025ж.

**Дипломдық жобаны орындауға арналған
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Серікбай Алдияр Асыланұлы
Тақырыбы: БҚО- дағы аудандық аурухананың жылыту және желдету жүйесін жобалау
Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың 2025 жылғы «29» қантар №26-П/Ө бұйрығымен бекітілген.
Аяқталған жұмыстың тапсыру мерзімі «26» Мамыр 2025ж
Дипломдық жобаның бастапқы мәліметтері: Ғимарат қабаттарының жоспарлары, қарастырылып отырған қаланың климатологиялық деректері.
Дипломдық жобада әзірлеуге жататын мәселелер тізімі:
а) Негізгі бөлім;
б) Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы;
в) Экономика бөлімі
Графикалық материалдар тізімі (міндетті сызбаларды дәл көрсете отырып):
1) Жертөле және типтік қабатының жылыту жүйесінің жоспары;
2) Жертөле және типтік қабатының желдету жүйесінің жоспары; 3) Жылыту жүйесінің аксонометриялық сұлбасы; 4) Желдету жүйесінің аксонометриялық сұлбасы; 5) Технологиялық карта.
Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 10 атаудан

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ


Бөлімдердің атауы, зерттеп дайындалатын мәселелер тізімі	Жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлім	03.02.2025 – 31.03.2025	Орындалады
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	01.04.2025 – 15.04.2025	Орындалады
Экономика бөлімі	16.04.2025 – 29.05.2025	Орындалады

Аяқталған дипломдық жоба үшін, оған қатысты бөлімдердің жұмыстарын көрсетумен, кеңесшілер мен норма бақылаушының қойған

қолдары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, тегі, аты, әкесінің аты, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	Н.И.Бердікүл PhD, аға оқытушы	16.04.2025	
Экономика бөлімі	Н.И.Бердікүл PhD, аға оқытушы	29.05.2025	
Норма бақылаушы	А.Н. Хойшиев техн.ғыл.канд., қауым.проф.	5.06.2025	

Жетекші

 Бердікүл Н.И.

Білім алушы тапсырманы орындауға алды

 Серікбай А.А

Күні

« 31 » 01 2025 ж.

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Серікбай Алдияр

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: 2025 БҚО-дағы аудандық ауруханасының жылыту және желдету жүйелерін жобалау. Жетекші Бердікү

Научный руководитель: Куляш Алимова

Коэффициент Подобия 1: 2.9

Коэффициент Подобия 2: 2.1

Микропробелы: 3

Знаки из других алфавитов: 9


Интервалы: 114

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

- ☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- ☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- ☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.
- ☐ Обоснование:

Дата 31.05.2022.


проверяющий эксперт
Бакарбай А. У.

**Университеттің жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаменті
директорының ұқсастық есебіне талдау хаттамасы**

Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры көрсетілген еңбекке қатысты дайындалған Плагиаттың алдын алу және анықтау жүйесінің толық ұқсастық есебімен танысқанын мәлімдейді:

Автор: Серікбай Алдияр

Тақырыбы: 2025 БҚО-дағы аудандық ауруханасының жылыту және желдету жүйелерін жобалау. Жетекші Бердікү

Жетекшісі: Куляш Алимова

1-ұқсастық коэффициенті (30): 2.9

2-ұқсастық коэффициенті (5): 2.1

Дәйексөз (35): 0.2

Әріптерді ауыстыру: 9

Аралықтар: 114

Шағын кеңістіктер: 3

Ақ белгілер: 0

Ұқсастық есебін талдай отырып, Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры келесі шешімдерді мәлімдейді :

☒ Ғылыми еңбекте табылған ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді. Осыған байланысты жұмыс өз бетінше жазылған болып санала отырып, қорғауға жіберіледі.

☐ Осы жұмыстағы ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді, бірақ олардың шамадан тыс көптігі еңбектің құндылығына және автордың ғылыми жұмысты өзі жазғанына қатысты күмән тудырады. Осыған байланысты ұқсастықтарды шектеу мақсатында жұмыс қайта өңдеуге жіберілсін.

☐ Еңбекте анықталған ұқсастықтар жосықсыз және плагиаттың белгілері болып саналады немесе мәтіндері қасақана бұрмаланып плагиат белгілері жасырылған. Осыған байланысты жұмыс қорғауға жіберілмейді.

Негіздеме:

Күні 31.05.2025

Кафедра меңгерушісі

Алимова Р.Р.
Алима

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Серікбай Алдияр

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: 2025 БҚО-дағы аудандық ауруханасының жылыту және желдету жүйелерін жобалау. Жетекші Бердікү

Научный руководитель: Куляш Алимова

Коэффициент Подобия 1: 2.9

Коэффициент Подобия 2: 2.1

Микропробелы: 3

Знаки из других алфавитов: 9

Интервалы: 114

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

- ☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- ☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- ☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.
- ☐ Обоснование:

Дата 31.05.2025

Заведующий кафедрой

Алимова Т.Т.
Куляш

ҚазҰТЗУ 706-16 Ү.Ғылыми жетекшінің пікірі

РЕЦЕНЗИЯ

бойынша Дилмандық мода
(жұмыс түрінің атауы)

Серікбай Андияр Асманұлы
(Білім алушының Т. А. Ә.)

6307306 - «Инженерлік түйілер және шемір»
(Шифр және ББ атауы)

Тақырып бойынша: ПҚО-дағы аудандық ауруханасының
молшыты және жемдету түйілерін модалау

Орындалды:

а) Графикалық бөлім 5 парақтарда
б) түсіндірме жазба 33 беттерінде

ЖҰМЫСҚА ЕСКЕРТУЛЕР

Пайдаланушыдан әдебиеттерге нақты стандарт-
тар мен нормативтер менің көрсетілмеген.

Жұмысты бағалау

Ұсынылған дилмандық мода Батыс Қазақстан обласы-
да орналасқан аудандық аурухананың тәуелсіз және
жөндеуінен пайдалану мүмкіндігіне арналған. Мода қазіргі
заманғы инженерлік түйілерді модалау тәсілдеріне сай
орындалған.
Дилмандық мода 95 бағамға бағаланды

Рецензент

т.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Нурт — К.М. Нурпенсова
(колы)

« 5 » 06 2015 ж.

АНДАТПА

Осы дипломдық жобада Батыс Қазақстан Облысында орналасқан аудандық аурухананы жылыту және желдету жүйелерімен жабдықтау мәселесі қарастырылады. Жобаның басты мақсаты – ауруханада орналасқан адамдар үшін жайлы әрі қолайлы жағдай жасап, тиімді жылыту және желдету жүйелерін орнату болып табылады. Жұмыс барысында ең алдымен ғимараттың жылу жүктемесі есептеліп, осыған сәйкес қажетті жылыту құралдары таңдалды.

Құрылыс жинақтау технологиясы бөлімінде құрылыс процесіне қажетті жабдықтар, техникалар, жұмысшылар саны және еңбек шығындары көрсетілген. Жобада таңдалған ғимаратқа арналған жылыту және желдету жүйелерінің тиімділігі, сапасы және экономикалық тұрғыдан үнемділігі ескерілді.

АННОТАЦИЯ

В данном дипломном проекте рассматривается оснащение областной больницы, которая находится в ЗКО системами отопления и вентиляции. Основная цель проекта — обеспечение комфортных и благоприятных условий для проживания людей за счёт внедрения эффективных систем отопления и вентиляции. В ходе работы в первую очередь была произведена расчётная тепловая нагрузка здания, на основе которой были выбраны необходимые отопительные приборы.

В разделе, посвящённом технологии строительных работ, представлены перечень необходимого оборудования, используемой техники, количество рабочих и трудозатраты. При проектировании систем отопления и вентиляции для выбранного здания учитывались их экономическая эффективность, надёжность и качество.

ABSTRACT

This thesis project examines the equipping of the regional hospital, which is located in the West Kazakhstan region with heating and ventilation systems. The main goal of the project is to provide comfortable and favorable living conditions for people through the introduction of efficient heating and ventilation systems.

During the work, first of all, the calculated thermal load of the building was carried out, on the basis of which the necessary heating devices were selected. The section on construction technology contains a list of the necessary equipment, the equipment used, the number of workers and labor costs.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 Негізгі бөлім	8
1.1 Жобалауға берілген бастапқы мәліметтер, ауаның есепті параметрлері	8
1.2 Қоршаушы құрылымдардың жылу техникалық есептері	8
1.3 Ғимарат бөлмелерінің қоршаушы құрылымдарының жылу жоғалу есебі	11
1.4 Жылыту жүйесінің жылулық қуаты	12
1.5 Жылыту жүйесінің негізгі элементтері	13
1.5.1 Жылыту аспаптары	13
1.5.3 Жергілікті жылыту пункті және элеватор есебі	15
1.6 Жылыту жүйесінің гидравликалық есебі	16
1.7 Желдету жүйесі	22
1.7.1 Бөлмелердегі ауа алмасу есептері	22
1.7.2 Аэродинамикалық есептеулер	23
2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	27
2.1 Ұйымдастырылған техникалық іс шаралар	27
2.2 Еңбек шығындарын есептеу	29
2.3 Күнтізбелік жоспар	30
2.4 Жылыту және желдету жүйелерін сынақтан өткізу	30
2.5 Қауіпсіздік техникасы	31
3 Экономика бөлімі	34
3.1 Келтірілген шығын есебі	35
ҚОРЫТЫНДЫ	37
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	38
ҚОСЫМШАЛАР	

КІРІСПЕ

Қазіргі заманда денсаулық сақтау саласына арналған ғимараттарды жобалау мен салуда олардың ішкі ортасының сапасы – басты назарда. Аурухана ғимараттарында тұрақты температура мен таза ауа алмасуын қамтамасыз ету – тек жайлылық емес, сонымен қатар емделушілер мен медицина қызметкерлерінің денсаулығы мен қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін фактор. Осы тұрғыдан алғанда, жылыту және желдету жүйелері аурухананың тиімді әрі үзіліссіз жұмыс істеуінің негізгі элементтерінің бірі болып саналады.

Ауруханалар – жоғары санитарлық-гигиеналық талаптар қойылатын нысандар. Мұндағы ішкі микроклиматты қалыпты деңгейде ұстау үшін температура, ылғалдылық және ауаның тазалығы нақты стандарттарға сай болуы тиіс. Жылыту жүйесі қыс мезгілінде қажетті жылу режимін қамтамасыз етсе, желдету жүйесі – ғимарат ішіндегі ауа құрамын бақылап, зиянды заттар мен иістерді сыртқа шығарып, таза ауаны енгізіп отырады. Бұл жүйелердің бірлескен жұмысы адамдардың әл-ауқатына және медициналық қызмет сапасына тікелей әсер етеді.

Батыс Қазақстан облысы – қысы суық, жазы ыстық климаттық аймаққа жатады. Сондықтан бұл аймақтағы ауруханалар үшін жылыту мен желдету жүйелері ерекше мұқият жобалануы тиіс. Қысқы кезеңде ғимарат ішіндегі температураны тұрақты ұстап тұру, ал жазда – ауаның циркуляциясын дұрыс ұйымдастыру маңызды. Жобалау кезінде аймақтың климаттық шарттары, ғимараттың көлемі мен құрылымы, функционалдық бөлмелер саны, санитарлық нормалар және заманауи энергия үнемдейтін технологиялар есепке алынады. Бұл жобада Батыс Қазақстан облыстық аудандық ауруханасының жылыту және желдету жүйелерін техникалық тұрғыдан негіздеу, жобалау принциптері мен шешімдері ұсынылады. Жобаның басты мақсаты – жоғары тиімділікке ие, энергияны үнемдейтін, санитарлық-гигиеналық талаптарға толық жауап беретін және экологиялық қауіпсіз инженерлік жүйе құрастыру.

1 Негізгі бөлім

1.1 Жобалауға берілген бастапқы мәліметтер, ауаның есепті параметрлері

Кеңсенің жылыту мен желдету жүйесін есептеуге керекті бастапқы мәліметтер алынады.

Ғимараттың орналасқан жері – Орал қаласы; Ғимарат атауы – уақытша ғимараты;

Қабат саны – 2;

Ғимарат биіктігі – 9 м;

Жылыту мезгіліндегі сыртқы ауаның ең салқын 5 күндіктегі температурасы температурасы – $t = \text{минус } 29.6^{\circ}\text{C}$

Жылыту мезгіліндегі сыртқы ауаның орташа температурасы – $t = 4.6^{\circ}\text{C}$

Жылыту мерзімінің ұзақтығы – 193 тәулік;

Жылыту мерзіміндегі желдің орташа жылдамдығы – $v_o = 6.3 \text{ м/с}$;
Ылғалдылық режимі – орташа ылғалды ауа;

Жылыту жүйесіндегі беретін құбырдағы жылутасымалдағыш температурасы – 90°C ;

Жылыту жүйесіндегі қайтатын құбырдағы жылутасымалдағыш температурасы – 75°C ;

Сыртқы қоршаушы конструкцияның құрылымы келесідей материалдардан тұрады:

Сыртқы– Газдалған бетонды қабырға–450 мм ; Жылытқыш минвата - 150 мм; Сылақ– 40мм

-ішкі тасымалдаушылар- Темірбетон жабыны№– 200 мм; Жылытқыш минвата – 194мм; Қорғаныс стяжкасы цементті– 50мм;

- бөлімдер – Темірбетон жабыны – 400 мм;

1.2 Қоршаушы құрылымдардың жылутехникалық есептері

Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың қоршау конструкциялары материалдардың физикалық қасиеттеріне, жобалық шешімдеріне, ғимараттағы ауаның температуралық-ылғалдылық жағдайларына және құрылыс аймағының климаттық сипаттамаларына сәйкес жылу, бұға төзімділік нормаларына сәйкес қабылданады.

Жылу техникасында жылу таратудың үш түрі болады: сәулелік, конвективтік және жылу өткізгіштік. Қоршаушы құрылымдар арқылы ішкі және сыртқы ауаның қатынасы қарастырылады. Мұнда жылу таратудың жылу өткізгіштік түрі мол және ол жылу жоғалуына тең болып есептеледі. Сондықтан ғимараттың барлық бөлмелерінің қоршаушы құрылымдары арқылы жоғалатын жылуды анықтау қажет.

Ғимараттардың қоршаушы құрылымдарының жылу техникалық есебінде санитарлы-гигиеналық және жайлылық шарттарына сәйкес жылу таратуға керекті кедергісі анықталады

$$R_0^{\text{тр}} = \frac{n \cdot (t_i - t_o)}{a_B \cdot \Delta t_H}, \text{ м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт} \quad (1.1)$$

мұндағы n - сыртқы ауаға қарағанда қоршаушы құрылымдардың сыртқы беттерінің орнына байланысты ескеретін коэффициент;

t_i -бөлменің ішкі ауаның есептік температурасы, $^\circ\text{C}$;

t_o' - сыртқы ауаның есептік температурасы, $^\circ\text{C}$;

a_B - қоршаудың ішкі беттерінің жылу беру коэффициенті, $\text{Вт}/\text{м}^2\text{C}$;

Δt_H - ішкі ауа температурасы мен қоршаудың ішкі бетіндегі температуралар арасындағы нормаланатын температуралық құлама, $^\circ\text{C}$;

$$R_0^{\text{тр}} = \frac{1 \cdot (18 + 26,6)}{4 \cdot 8,7} = 1,28 \text{ м}^2\text{C}/\text{Вт}$$

Көп қабатты қоршаушы құрылымның жалпы жылулық кедергісі

$$R_0 = R_B + R_K + R_H, \text{ м}^2\text{C}/\text{Вт} \quad (1.2)$$

мұндағы $R = \frac{1}{\alpha_\beta}$ – қоршаудың ішкі беттерінің жылулық кедергісі, $\text{м}^2\text{C}/\text{Вт}$

α_β - қоршаудың ішкі беттерінің жылу беру коэффициенті, $\alpha_\beta = 8,7 \text{ Вт}/\text{м}^2\text{C}$

$R_0 = R_1 + R_2 + \dots + R_n, \text{ м}^2\text{C}/\text{Вт}$ – көп қабатты сыртқы қоршаудың жалпы жылулық кедергісі,

$R_1 = \frac{\delta_1}{R_1}, R_2 = \frac{\delta_2}{R_2}, R_n = \frac{\delta_n}{R_n}, \text{ м}^2\text{C}/\text{Вт}$ – әр қабатының жылулық кедергісі

$R_H = \frac{1}{\alpha_H}$ – қоршаушы сыртқы бетінің жылулық кедергісі, $\text{м}^2\text{C}/\text{Вт}$

α_H – қоршаудың сыртқы бетінің жылу беру коэффициенті, $\text{м}^2\text{C}/\text{Вт}$

$$\alpha_H = 23 \text{ Вт}/\text{м}^2\text{C}$$

(1.1) және (1.2) өрнектерін қолданып есеп өткізу кезінде қажетті көрсеткіштерді «Құрылыстық жылу техникасы» ҚНЖЕ-нен қабылдауға болады.

Сыртқы қоршаулардың жылу тарату кедергісін энергия өнімдеу шарттарын ескерумен анықтауға болады, ол үшін жылыту мезгілінің градус- тәулігі анықталады

$$\text{ЖМГТ} = (t_i - t_{\text{орт}}) \cdot n_0 \quad (1.3)$$

мұндағы $t_{\text{орт}}$ – жылыту мезгіліндегі сыртқы ауаның орташа температура, °C

n_0 – жылыту мезгілінің ұзақтылығы, тәулік.

$$\text{ЖМГТ} = (22 + 4,6) \cdot 193 = 5134^\circ\text{C} \cdot \text{тәулік}$$

Қоршаушы құрылымдардың жылу таратуға келтірілген кедергілері қабылданғаннан кейін, оларды жылу өткізгіштік коэффициенттері анықталады


$$k = \frac{1}{R_0^{\text{тр}}}, \frac{\text{Вт}}{\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C}} \quad (1.4)$$

Кесте 1.1 – Сыртқы қабырғаның жылутехникалық есебі

Материал атауы	Қалыңдығы, δ, м	Жылуөткізгіштігі, λ, Вт/ м°C	Кедергісі, R, м²°C/Вт
Газобетон	0,45	0,52	0,865
Минвата (плита)	0,150	0,07	2,143
Штукатурка	0,04	0,64	0,063

$$R_0^{\text{тр}} = \frac{1}{8,7} + \frac{0,15}{0,07} + \frac{0,45}{0,52} + \frac{0,04}{0,64} + \frac{1}{23} = 3,2$$

$$k = \frac{1}{3,2} = 0.3125$$



1.1– сурет - Сыртқы қабарға

Кесте 1.2 – Төбенің жылутехникалық есебі

Материал атауы	Қалыңдығы, δ, м	Жылуөткізгіштігі, λ, Вт/ м°С	Кедергісі, R, м²°С/Вт
Темірбетон жабыны	0,2	1,75	0,1
Минвата Жылуоқшаулағыш	0,194	0,048	4,04
Қорғаныс стяжкасы	0,05	1,2	0,042

$$R_0^{\text{тр}} = \frac{1}{8,7} + \frac{0,2}{1,75} + \frac{0,194}{0,048} + \frac{0,05}{1,2} + \frac{1}{23} = 4,2$$

$$k = \frac{1}{4,2} = 0,238$$

Кесте 1.3 – Еденнің жылутехникалық есебі

Материал атауы	Қалыңдығы, δ, м	Жылуөткізгіштігі, λ, Вт/ м°С	Кедергісі, R, м²°С/Вт
Темірбетон плита	0,3	1,75	0,171
Құмды-цемент ерітіндісінен төселім	0,075	0,58	0,129
Линолеум клей «Бустилат»	0,005	0,23	0,022

$$R_0^{\text{тр}} = \frac{1}{8,7} + \frac{0,3}{1,75} + \frac{0,075}{0,58} + \frac{0,005}{0,23} + \frac{1}{23} = 0,322$$

$$k = \frac{1}{0,322} = 3,1$$

1.3 Ғимарат бөлмелерінің қоршаушы құрылымдарының жылу жоғалу есебі

Ғимараттың қоршаушы құрылымдарының негізгі жылу жоғалауы анықталады

$$Q_{\text{нег}} = k \cdot A \cdot (t_i - t'_0) \cdot n, \text{ Вт} \quad (1.5)$$

мұндағы k-қоршаудың жылу өткізгіш коэффициенті, Вт/ м²°С;

A -қоршаудың ауданы, м²;

t_i, t'_0 - ішкі және сыртқы ауаның есептік температуралары, °С;

n - қоршаушы құрылымдардың сыртқы ауаға қатынасын ескеретін коэффициент.

Сыртқы қоршаулардың негізгі жылу жоғалуына көп факторлар әсер етеді, сондықтан ол былай анықталады

$$Q_{\text{нег}} = k \cdot A \cdot (t_i - t'_0) \cdot n \cdot (1 + \sum \beta), \text{ Вт} \quad (1.6)$$

мұндағы $\sum \beta$ -қосымша жылу жоғалуды ескеретін коэффициенттер қосындысы, қабылданады: а) бөлмедегі екі сыртқы қабырғаға-5% (0,05); б) сыртқы қабырғаның биіктігіне 4м-ден жоғары әр 1м-ге – 2% (0,02); в) сыртқы қабырғаның бағытына: шығыс, солтүстік – 10% (0,1), батыс – 5% (0,05); оңтүстік – 0; г) желдің жылдамдығы, егер $V \leq 5 \text{ м/с}$ - 5% (0,05), $V > 5 \text{ м/с}$ – 10% (0,1).

101 бөлменің бір сыртқы қабырғадан жылу жоғалу есебі

$$Q_{\text{нег}} = 60,9 \cdot 0,318 \cdot 51,6 \cdot 1 = 1058 \text{ Вт}$$

$$Q_{\text{тж}} = 1058 \cdot 1,25 = 1322,5 \text{ Вт}$$

Бөлмелердің толық жылу жоғалу есебі А.1- кестеде көрсетілген.

1.4 Жылыту жүйесінің жылулық қуаты

Ғимараттың жылу шығынын шамамен есептеу арқылы анықтауға болады, жинақталған көрсеткіштер бойынша

$$Q_{\text{ғим}} = q_0 V (t_i - t'_0) \cdot \alpha; \quad (1.7)$$

$$Q_{\text{ғим}} = 0,43 \cdot 15260 \cdot 51,6 \cdot 1,2 = 406317,306 \text{ Вт}$$

мұндағы q_0 -жылытудың іріктелген жылу көрсеткіші Вт/м³°С, ғимараттың сыртқы өлшемімен алынған көлеміне байланысты қабылданады;

V -ғимараттың көлемі, м³;

t_i, t'_0 -ішкі және сыртқы ауаның есептік температуралары, °С;

n -түзету коэффициенті,

t' -қа байланысты қабылдайды.

Жылыту жүйесінің жылулық қуаты $Q_{\text{жж}}$, Вт анықтаймыз

$$Q_{\text{жж}} = k \cdot \sum Q_0, \text{ Вт} \quad (1.8)$$

$$Q_{\text{жж}} = 1,07 \cdot 406317,306 = 434759,518 \text{ Вт}$$

мұндағы k -қосымша түзету коэффициенті, $(1,07 \div 1,2)$;
 $\sum Q_0$ -ғимараттың сыртқы қоршауларымен жалпы жылу жоғалуы.

1.5 Жылыту жүйесінің негізгі элементтері

Жылыту жүйесі – бұл ғимараттар мен үй-жайлардың ішкі ауасын және қоршаушы құрылымдарын қажетті температурада ұстап тұру үшін қолданылатын инженерлік шешімдердің бірі.

Жылыту жүйесінің басты құрамдас бөліктеріне жылу көзі, құбыр желілері және жылыту құрылғылары жатады. Бұл жүйеде жылутасымалдағыш алдымен қазандықта немесе жылу алмастырғышта қыздырылып, содан кейін құбырлар арқылы жылыту құрылғыларына жеткізіледі. Ал бұл құрылғылар арқылы жылу бөлме ішіне таралады.

Жылыту жүйелері негізгі екі топқа бөлінеді: жергілікті және орталықтандырылған.

Жергілікті жылыту жүйесінде жылу көзі, жылу құбырлары және жылыту жабдықтары бір қондырғыға біріктіріледі.

Магистральды құбырларды тарту орнына қарай жүйелер былай бөлінеді: жоғарыдан тартылған, яғни беретін құбыры жылыту аспаптарынан жоғары орналасқан, ал қайтатын құбырлар жылыту аспабынан төмен тартылған жағдайда төмен тартылған болады.

Дипломдық жобамда жергілікті, екі құбырлы жылыту жүйесі таңдалды. Жұмыста жылутасымалдағыш ретінде болат су және газ құбыры МЕСТ 3262-75 таңдалынып алынды. Таңдалған құбырлар санитарлық-гигиеналық талаптарға сай келеді.

1.5.1 Жылыту аспаптары

Сумен және бумен жылыту жүйелерінің негізгі элементтерінің бірі жылыту аспаптары, олар жылутасымалдағыш жылуын бөлмеге ауасына таратуға арналған.

Жылыту аспаптарының мынадай түрлері болады: радиаторлар, конвекторлар, панельдер, қырлы құбырлар, тегіс құбырлы аспаптар және калориферлер.

Барлық жылыту аспаптары жылуберу түріне қарай үш топқа бөлінеді:

1 Радиациондық аспаптар сәулелену арқылы жылу ағынының 50%-дан көп бөлігін беретін аспаптар (төбелік жылыту панельдері және сәуле таратқыштар);

2 Конвективті-радиациондық аспаптар – жылу ағынының 50-75%-ын конвекция арқылы беретін аспаптар (секциялық радиаторлар, панельдік радиаторлар, тегіс құбырлы аспаптар, едендік жылыту панельдері);

3 Конвективтік аспаптар – қоршаған ортаға жылу ағынының 75%-дан көбін конвекция арқылы беретін аспаптар (конвекторлар, қырлы құбырлар).

Радиаторлар – кең қолданатын жылыту аспаптары, олар шойыннан, алюминийден бөлек секциялар ретінде дайындалады. Радиатордың әр секциясы бір-біріне ниппель арқылы қосылады, бөлмеге орналастыратын жылыту аспабының жылулық ауданына байланысты.

Дипломдық жобамда Kermi Plan Hygiene PHO радиаторларын таңдалынып алынды.

Kermi Plan Hygiene PHO радиаторлары — алдыңғы беті мүлде тегіс, болат табақтан жасалған. Бұл радиаторда бүйірлік және үстіңгі қақпақтар мен конвекторлық пластиналар жоқ. Ол тез, жеңіл және ыңғайлы тазалау үшін, сондай-ақ медициналық мекемелерде қойылатын арнайы гигиеналық талаптарға сәйкес шаңсыз орта құру үшін өте қолайлы. Радиатор біртрубалық және ектрубалық жүйелерге жарайды, бүйірлік қосылысы бар — оң немесе сол жақтан орнатылады.

Техникалық сипаттама:


- 1 Қосылу - бүйірлік
- 2 Дизайн - секциялық
- 3 Секцияның максималды жылу қуаты, Вт, $\Delta T = 70\text{ C}$ - 124
- 4 Салқындату сұйықтығының көлемі, л - 0.4
- 5 Орталық қашықтық, мм - 500
- 6 Қысқыш қысым, атм - 18
- 7 Жалғау жіп - 1
- 8 Габариттік өлшемдер (HxWxD), мм - 580x600x80
- Салмағы, кг - 41.3



1.2-сурет – Радиатордың сыртқы көрінісі

1.5.3 Жергілікті жылыту пункті және элеватор есебі

Ғимараттың жер төлесінде орналастырылған жергілікті жылу пунктінің (ЖЖП) негізгі қондырғысы суараластырғыш - элеватор болып есептеледі.



1.3 - сурет – Суағынды элеватор

Суағынды элеваторда сыртқы жылу желісінен келетін тасымалдағыштың (судың) температурасы $T_1=150\text{ }^{\circ}\text{C}$ жылыту жүйесінің талабына сәйкес $t_1=95\text{ }^{\circ}\text{C}$ реттейді. Элеватор болаттан стандартты өлшеммен №3 таңдалынып алынды. Осыған сәйкес араластырғыш камераның диаметрі 25мм болды.

Элеваторды таңдау үшін келесі жолмен арнайы есептер жүргізіледі:

1 Жылу желісінен түсетін судың шығыны анықталады

$$G_{\text{жж}} = \frac{Q_{\text{ж}}}{c \cdot (T_1 - T_2)}, \text{ кг/с} \quad (1.9)$$

$$G_{\text{жж}} = \frac{61555}{4189(150 - 70)} = 0,183 \text{ кг/с}$$

мұндағы $Q_{\text{ж}}$ -жылыту жүйесінің жалпы жылу шығыны, Вт; c -судың жылу сыйымдылығы, Дж/кг $^{\circ}\text{C}$;

T_1, T_2 - судың температуралары, $^{\circ}\text{C}$

1) Элеватордың араластыру коэффициенті

$$U = \frac{T_1 - t_1}{t_1 - t_2}; \quad (1.10)$$

$$U = \frac{150 - 95}{95 - 70} = 2,2$$

2) Жылыту жүйесіне түсетін судың шығыны анықталады

$$G_{\text{жж}} = \frac{Q_{\text{ж}}}{c \cdot (t_1 - t_2)}, \text{ кг/с} \quad (1.11)$$

$$G_{\text{жж}} = \frac{61555}{4189(95 - 70)} = 0,587 \text{ кг/с}$$

мұндағы t_1, t_2 -жылыту жүйесінің беретін және қайтатын құбырындағы судың температуралары, °С.

3) Элеватор мойнының диаметрін анықтаймыз

$$d_{\text{м}} = 1,55 \frac{\Delta G_{\text{жж}}^{0,25}}{\Delta P_{\text{ж}}^{0,25}}, \text{ см} \quad (1.12)$$

$$d_{\text{м}} = 1,55 \frac{2,12_{\text{жж}}^{0,25}}{0,314_{\text{ж}}^{0,25}} = 2,49 \text{ см} = 25 \text{ мм}$$

мұндағы $\Delta P_{\text{ж}}^{0,25}$ - жылыту жүйесіне элеватор арқылы берілетін қысым, кПа.

4) Элеватор сопласының диаметрі анықталады

$$d_{\text{с}} = \frac{d_{\text{м}}}{1+u}, \text{ см} \quad (1.14)$$

$$d_{\text{с}} = \frac{25}{1 + 2.2} = 0,8 \text{ см}$$

5) Элеватор жұмыс атқару үшін жылу желілерінен ғимаратқа берілетін жоғалатын қысым анықталады

$$\Delta P = 6,3 \cdot \frac{G_{\text{жж}}^2}{d_{\text{с}}^4}, \text{ Па} \quad (1.14)$$

$$\Delta P = 6,3 \cdot \frac{0,183_{\text{жж}}^2}{0,8_{\text{с}}^4} = 0,515 \text{ Па}$$

Элеватор №3 $d_{\text{м}}=25\text{мм}$, $L=625\text{мм}$, $A=135$, $l=145$, $d=160$, $D=195\text{мм}$

1.6 Жылыту жүйесінің гидравликалық есебі

Гидравликалық есеп гидравлика заңымен жүргізіледі. Жылыту жүйесін таңдағаннан кейін құрастырылған аксонометриялық сұлба үшін гидравликалық есептер жүргізіледі. Гидравликалық есептің мақсаты:

- құбырлардың оптимальды диаметрін таңдау;
- жүйенің учаскелеріндегі жоғалатын қысымды табу.

Дұрыс есептелген жылыту жүйесінің гидравликалық есебі жүйенің жақсы жұмыс істеуін арттырады. Сумен жылыту жүйелерін жобалауда гидравликалық есебін жүргізу үшін меншікті қысым жоғалу тәсілі кең қолданылады. Екі құбырлы жылыту жүйелерінде айналымды сақинаның саны жылыту аспаптарының санына тең.

Жүйенің гидравликалық кедергісі есепті айналымдағы қысыммен сәйкес келуі керек. Гидравликалық қысым жылыту жүйесінің жоғары және төмен қысымды нүктелерін анықтауға көмектеседі.

Ғимараттың екі құбырлы жылыту жүйесінің құбырларының оптимальды диаметрін таңдау үшін төменде келтірілген көрсеткіштер қажет.

Әр учаскедегі есепті су шығыны G_o , кг/с анықталады.

$$G_o = \frac{Q_v}{c \cdot (t_1 - t_2)} \quad (1.15)$$

мұндағы Q_o – әр учаскедегі жылу жүктемесі, Вт

c – тасымалдағыштың жылу сыйымдылығы, қабылданады 4,189 Дж/кг °С;

t_1 – жылыту жүйесінің беретін құбырындағы судың температурасы, °С;

t_2 – жылыту жүйесінің қайтатын құбырындағы судың температурасы, °С.

$$R_{орт} = \frac{(1 - \varphi) \cdot \Delta P_p}{\sum 1} \quad (1.16)$$

мұндағы ΔP_p – жүйенің гидравликалық тәртібіне берілген жайғасқан қысым;

φ – үйкелісте жоғалатын қысымды ескеретін коэффициент, қабылданады екі құбырлы жүйеде – 0,35; бір құбырлы жүйеде – 0,5;

$\sum 1$ – есепті айналымды сақинаның жалпы ұзындығы, м.

Ғимараттың екі құбырлы жылыту жүйесінің учаскелеріндегі жоғалатын қысым ΔP , Па анықталады

$$\Delta P = \Delta P_{л} + \Delta P_{м} \quad (1.17)$$

мұндағы $\Delta P_{л}$ – құбыр ұзындығындағы жоғалатын қысым $\Delta P_{л}$, Па, мына өрнек бойынша анықталады

$$\Delta P_{л} = \frac{\rho \cdot V^2}{2 \cdot l} = R \cdot l \quad (1.18)$$

мұндағы $P_{дин}$ – динамикалық қысым, жылдамдыққа байланысты анықталады немесе арнайы кестеде қабылданады, Па;

$\sum \xi$ – жергілікті кедергілердің қосындысы, әр учаскеге бөлек есептеледі. Жергілікті кедергілер ретінде вентильдер, ысырмалар, үштарамадар, төрттіктер, реттегіш крандар, бұрылыстар және т.б. қарастырылады.

Есепті айналымды сақинаның қосынды қысым жоғалуы ΔP жүйеге берілген жайғасқан қысыммен ΔP_p салыстырылады және байланыссыздығы анықталады

$$\Delta P_m = \frac{\sum \xi \cdot \rho \cdot V^2}{2} = P_{дин} \cdot \sum \xi \quad (1.19)$$

мұндағы $P_{дин}$ – динамикалық қысым, жылдамдыққа байланысты анықталады немесе арнайы кестеде қабылданады, Па;

$\sum \xi$ – жергілікті кедергілердің қосындысы, әр учаскеге бөлек есептеледі. Жергілікті кедергілер ретінде вентильдер, ысырмалар, үштарамадар, төрттіктер, реттегіш крандар, бұрылыстар және т.б. қарастырылады.

Есепті айналымды сақинаның қосынды қысым жоғалуы ΔP жүйеге берілген жайғасқан қысыммен ΔP_p салыстырылады және байланыссыздығы анықталады

$$\Delta = \frac{\Delta P_p - \sum (R_l + Z)}{\Delta P_p} \cdot 100\% \leq 10\% \quad (1.20)$$

Жылыту жүйесінің гидравликалық есебін жүргізудің әр түрлі түрлерін қолдануға болады: ұзындыққа меншікті қысым жоғалуы арқылы; кедергі сипатамалары мен өткізгіштік бойынша; келтірілген ұзындықпен және динамикалық қысым арқылы. Сулы жылыту жүйесінің гидравликалық есебін жүргізу үшін ең кең қолданылатын тәсіл ұзындықта меншікті қысым жоғалуымен анықтау болып табылады.

Кеңсе ғимаратының жылыту жүйесінің гидравликалық есебі екі құбырлы жүйе бойынша есептеп шығарылды. Ғимараттың екі құбырлы жылыту жүйесі негізгі айналымды сақинадан басталып, ең алыс жатқан тік желі және ең жоғары орналасқан жылыту аспабы есептеледі.

Жылыту жүйесінің гидравликалық есебі 1.4 және 1.5 - кестеде көрсетіледі.

Кесте 1.4 – Аурухана 1-ші қабатының гидравликалық есебі

Уч. Нөмірі	Жылу шығыны Q _o , Вт	Су шығыны G _o , кг/с	участок ұзындығы l, м	Құб. диаметр d, м	Судың жылдамдығы v, м/с	Үйкеліс. меншікті қысым R, Па/м	динамик қысым ΔP _{дин} , Па	Жерг. кедергі қосынды коэф. Δξ Σξ	участкеде жоғалатын қысым		
									ұзындықта R•l	жергі кедергі Z	Жалпы ΔP
ЖЖ П-1	85661	3681	26	0,045	0,64	139,6	201,8	16	1047	3230	4277
1-2	84075	3613	7,5	0,045	0,63	138,1	199,5	28	856	5587	6443
2-3	82488	3545	6,2	0,045	0,62	133,0	192,1	20	998	3842	4839
3-4	80902	3476	7,5	0,045	0,61	128,0	184,8	39	1076	7206	8282
4-5	79316	3408	8,4	0,045	0,60	123,2	177,6	45	722	7992	8713
5-6	77730	3340	5,86	0,045	0,58	118,4	170,6	45	864	7675	8539
6-7	76143	3272	7,3	0,045	0,57	113,7	163,7	39	830	6383	7213
7-8	74557	3204	7,3	0,045	0,56	109,1	156,9	28	829	4394	5223
8-9	72971	3136	7,60	0,045	0,55	104,6	150,3	40	397	6013	6410
9-10	71384	3067	3,80	0,040	0,68	184,3	230,4	26	1659	5991	7650
10-11	69798	2999	9,00	0,040	0,66	176,3	220,3	20	476	4406	4882
11-12	68212	2931	2,70	0,040	0,65	168,5	210,4	37	2478	7785	10262
12-13	66625	2863	14,70	0,040	0,63	160,9	200,7	41	418	8230	8648
13-14	65039	2795	2,60	0,040	0,62	153,5	191,3	37	1228	7077	8305
14-15	63453	2727	8	0,040	0,60	146,2	182,1	40	1170	7283	8452
15-16	61867	2658	8	0,040	0,59	139,1	173,1	40	918	6923	7841
16-17	60280	2590	6,6	0,040	0,57	132,2	164,3	36	1018	5915	6933
17-18	58694	2522	7,70	0,040	0,56	125,5	155,8	36	979	5608	6587
18-19	57108	2454	7,80	0,040	0,54	118,9	147,5	28	797	4129	4926
19-20	55521	2386	6,70	0,040	0,53	112,5	139,4	36	484	5018	5502
20-21	53935	2318	4,30	0,035	0,67	212,2	224,4	22	446	4937	5383
21-22	52349	2249	2,10	0,035	0,65	200,1	211,4	29	1121	6131	7251
22-23	50762	2181	5,60	0,035	0,63	188,3	198,8	36	1092	7156	8249
23-24	49176	2113	5,80	0,035	0,61	177,0	186,6	29	1062	5410	6472
24-25	47590	2045	6	0,035	0,59	165,9	174,7	25	1510	4368	5878
25-26	46003	1977	9,1	0,035	0,57	155,2	163,3	36	1118	5877	6995
26-27	44417	1909	7,2	0,035	0,55	144,9	152,2	29	1043	4414	5457

Кесте 1.5 – Аурухана 2-ші қабатының гидравликалық есебі

уч. нөмірі	Жылу шығын ы Qo,Вт	Су шығы ны Go,кг/ с	уч ас то к ұз ын ды ғы l,м	Құб. диаме трі dy,м	Суд ың жыл дам дығы v,м/ с	Үйк еліс. мен шікт і қыс ым R,П а/м	динам икалы қ қысы м ΔРдин ,Па	Жер г.кед ерг.к осы нды коэф . Δξ Σξ	участкеде жоғалатын қысым		
									ұзы нды қта R•l	жерг .кед ерг Z	Жалп ы ΔР
ЖЖП -1	71180	3088,66	23	0,040	0,68	182,1	227,7	39	1366	8879	10244
1-2	70497,7	3029,26	7,5	0,040	0,67	179,8	224,7	39	1115	8765	9880
2-3	69115,4	2969,87	6,2	0,040	0,66	173,0	216,0	28	1297	6048	7346
3-4	67733,1	2910,47	7,5	0,040	0,64	166,2	207,5	20	1396	4149	5545
4-5	66350,8	2851,07	8,4	0,040	0,63	159,6	199,1	39	935	7764	8699
5-6	64968,5	2791,68	5,86	0,040	0,62	153,2	190,9	45	1118	8589	9707
6-7	63586,2	2732,28	7,3	0,040	0,60	146,8	182,8	45	1072	8227	9299
7-8	62203,9	2672,88	7,3	0,040	0,59	140,6	175,0	39	1069	6824	7892
8-9	60821,6	2613,48	7,6 0	0,040	0,58	134,5	167,3	28	511	4684	5195
9-10	59439,3	2554,09	3,80	0,040	0,57	128,6	159,8	40	1157	6390	7548
10-11	58057	2494,69	9,00	0,040	0,55	122,8	152,4	26	332	3963	4294
11-12	56674,7	2435,29	2,70	0,040	0,54	117,1	145,2	20	1722	2905	4627
12-13	55292,4	2375,90	14,70	0,035	0,69	222,8	235,8	37	579	8726	9306
13-14	53910,1	2316,50	2,60	0,035	0,67	212,0	224,2	41	1696	9192	10888
14-15	52527,8	2257,10	8	0,035	0,65	201,4	212,8	37	1612	7875	9487
15-16	51145,5	2197,71	8	0,035	0,64	191,2	201,8	40	1262	8072	9333
16-17	49763,2	2138,31	6,6	0,035	0,62	181,1	191,0	40	1395	7641	9036
17-18	48380,9	2078,91	7,70	0,035	0,60	171,4	180,6	36	1337	6500	7837
18-19	46998,6	2019,51	7,80	0,035	0,58	161,9	170,4	36	1085	6134	7219
19-20	45616,3	1960,12	6,70	0,035	0,57	152,7	160,5	28	656	4495	5151
20-21	44234	1900,72	4,30	0,035	0,55	143,7	150,9	36	302	5434	5736
21-22	48851,7	1841,32	2,10	0,035	0,53	135,1	141,7	22	756	3116	3873
22-23	41469	1781,93	5,6 0	0,030	0,70	281,4	245,8	29	1632	7127	8759
23-24	40087,1	1722,53	5,8 0	0,030	0,68	263,2	229,7	36	1579	8268	9847
24-25	38704,8	1663,13	6	0,030	0,65	245,7	214,1	29	2236	6209	8444
25-26	37322,5	1603,74	9,1	0,030	0,63	228,7	199,1	25	1647	4977	6624
26-27	35940,2	1544,34	7,2	0,030	0,61	206,9	179,9	36	1490	6476	7966

1.7 Желдету жүйесі

Қоғамдық және азаматтық ғимараттардың желдету жүйелері атқаратын қызметтеріне, мақсатына қарай былай бөлінеді:

1 Үй-жайлардың жұмыс аумағын, адамдар өмір сүретін аумақты сыртқы тазартылған және жылытылатын (суық мезгілде) ауамен қамтамасыз ету жүйелері.

2 Шығарылып ылғалданған ауаны сақтайтын жерден, әдетте үй-жайлардың жоғары аймағынан кетіретін сору жүйелері.

3 Бөлмедегі ауаны салқындату (жылы мерзімде) немесе жылыту үшін (өтпелі кезеңде және суық кезеңде) қолданылатын рециркуляциялық жүйелер.

Санитарлық нормаларға сәйкес ауаның оңтайлы және рұқсат етілген параметрлерін ажырату қажет.

Рұқсат етілген параметрлер, яғни міндетті - адамға көп уақыт және жүйелі түрде әсер ету кезінде терморегуляция механизмдерінің шиеленісуімен бірге жүретін дененің жылу күйінде өтпелі және тез қалыпқа келтіретін өзгерістерді тудыруы мүмкін микроклимат көрсеткіштерінің жиынтығы, физиологиялық бейімделу мүмкіндіктерінің шегі. Бұл кезде қандайда бір зақым немесе денсаулыққа байланысты проблемалар туындамайды, бірақ ыңғайсыз жылу сезімі, әл-ауқаттың нашарлауы және энергияның төмендеуі байқалуы мүмкін.

Оңтайлы параметрлер, яғни ұсынылатын - бұл адамға көп уақыт әсер еткенде терморегуляция механизмдерін жүктемей, дененің қалыпты, ыңғайлы жылу күйін сақтауды қамтамасыз ететін микроклимат көрсеткіштерінің тобы.

Жылулық, жайлылық сезімін қамтамасыз етіп және өнімділіктің жоғары деңгейі үшін талаптарды орындауымыз қажет. Содан кейін, оңтайлы нормалар шегіндегі ауа параметрлері шығарылатын өнімнің сапасына әсер ететін қажетті технологиялық процесті қамтамасыз ету барысында белгіленуі керек.

Көбінесе, қолайлы параметрлерді тудыру және сақтау желдету жүйелерімен, ал оңтайлы параметрлерді қамтамасыз ету ауаны баптау жүйелерімен қамтамасыз етіледі.

Параметр көрсеткіштері ғимараттың мақсатына, жұмыс істеу бағытына, жыл кезеңдеріне байланысты алынуы қажет және олар жұмыс (қызмет көрсетілетін) аумағында жұмыс жасауы қажет.

1.7.1 Бөлмелердегі ауа алмасу есептері

Ғимараттың бөлмелерінің ауа алмасу есебін екі тәсілмен анықтауға болады, олар:

а) еселікпен;

б) жылу балансы бойынша.

Ауа алмасу еселігі - бір сағат ішінде бөлмеге жіберілетін немесе одан шығарылатын ауа көлемінің бөлме көлеміне қатынасы. Стандартты еселікті пайдаланған кезде бөлменің есептелген ауа алмасуы келесідей анықталады

$$L = k \cdot V_{\text{бөл}}, \text{ м}^3/\text{сағ} \quad (1.15)$$

мұндағы k - бөлменің стандартты ауа алмасу еселігі, сағ^{-1}

$V_{\text{бөлме}}$ - бөлменің көлемі, м^3

Әртүрлі бөлмелер үшін k мәндері бөлменің мақсатына байланысты нормативтік әдебиеттерде келтірілген, онда шығатын және кіріс коэффициенттері көрсетілген.

Кесте 1.6 – Бөлмелердің ауа алмасу есебі

№	Бөлменің атауы	Бөлменің көлемі $V, \text{м}^3$	Еселік, $1/\text{сағ}$		Ауа көлемі $L, \text{м}^3/\text{сағ}$	
			ауа беру	ауа шығу	ауа беру	ауа шығу
102	Ас үй	73,5		3		220,5
108	Әжетхана	49		50		100
204	Әжетхана	62		50		100
208	Әжетхана	49		50		100
304	Әжетхана	62		50		100

1.7.2 Аэродинамикалық есептеулер

Ауа арналарын аэродинамикалық есептеу кезінде келесі талаптар қойылады: біріншіден, ауаның керекті көлемдерін тасымалдауды қамтамасыз ететін ауа өткізгіш желісінің барлық учаскелерінің көлденең қималарының өлшемдерін табу, екіншіден, жалпы кедергіні есептеу. Бұл ауа құбырларының желісінде ауа қозғалған кезде пайда болады.

Есеп гидроаэромеханиканың жалпы заңдылықтарына негізделеді, ауа сығылмайтын сұйықтық ретінде есепке алынады. Бұл өте қолайлы, өйткені желдету және ауаны баптау жүйелерінің ауа арналарының желілерінде болатын қысымның мөлшері аздау.

